

ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТІСІ

**"Қарағанды Жарық"
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

" Қарағанды Жарық " ЖШС

Облигациялық бағдарламаның жиынтық көлемі 5 000 000 000,00 (пять миллиард) теңге.

Уәкілетті органның облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу проспектіде жазылған облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да бір ұсынымдар ұсынуды білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың шынайылығына жауап бермейді. Облигациялар шығарылымының проспектісі Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келуіне ғана қаралды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың шынайылығына жауап береді және онда ұсынылған барлық ақпараттың дұрыстығын және қоғамға және оның орналастыратын облигацияларына қатысты инвесторларды шатастырмайтындығын растайды

Қарағанды, 2005

1. Эмитент туралы жалпы мәліметтер

1. Эмитенттің атауы.

	Орыс тілінде
Толық атауы	Товарищество с ограниченной ответственностью «Қарағанды Жарық»
Қысқартылған атауы	ТОО «Қарағанды Жарық»

2. Эмитент атауының өзгерістері туралы деректер.

Эмитенттің қызмет ету уақытында оның толық және қысқартылған атауы өзгерген жоқ, және эмитент қайта құрылған жоқ.

3. Эмитенттің мемлекеттік тіркеу (қайта) тіркеу туралы мәліметтері.

«Қарағанды Жарық» ЖШС 2002 жылғы 29 қарашада бірінші мемлекеттік тіркелді Қарағанды облысының Әділет басқармасымен берілген мемлекеттік тіркеу туралы куәлік № 14175-1930-ЖШС.

2004 жылғы 11 ақпанда Қатысушылар құрамының өзгеруіне байланысты «Қарағанды Жарық» ЖШС мемлекеттік қайта тіркелді, Қарағанды облысының әділет департаментімен берілген мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі № 14175-1930-ЖШС (ИУ).

4. Салық төлеушінің тіркелген нөмірі.

СТТН 302 000 228 243

5. Эмитенттің орналасқан жері туралы ақпарат, телефон және факс нөмірлері, электронды пошта.

Занды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 100012, Қарағанды қаласы, Сәтбаев к-сі, 115-үй.

телефон (8-3212) 56-27-27, 56-59-33

электронды пошта: zharyk@nursat.kz

6. Эмитенттің банктік деректемелері.

«Қазақстан халық банкі» АҚ Қарағанды филиалы

ағымдық шот № 022467415

БИК 191 801 625

7. Эмитент қызметінің түрлері.

- электр және жылу энергиясын өндіру, тарату және бөлу;
- электр энергияны сату мақсатында сатып алу;
- негізгі қызметіне қатысты өзге қызмет.

8. Эмитентке немесе олармен шығарылған бағалы қағаздарға халықаралық рейтингтік агенттіктермен және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктермен берілген рейтингтердің болуы туралы мәліметтер.

Эмитент шығарылымының проспектісін әзірлеу мерзімінде халықаралық рейтингтік агенттіктермен және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктермен берілген рейтингтері жоқ. Эмитент бағалы қағаздар шығарған жоқ.

9. Эмитенттің барлық филиалдарының және өкілдіктерінің атаулары, тіркелген мерзімдері, орналасқан жерлері және пошталық мекен-жайлары.

Эмитент филиалдары және өкілдіктері жоқ.

10. Эмитенттің қаржылық есептемесінің аудитін жүзеге асыратын (жүзеге асырушы) аудиторлық ұйымның толық ресми атауы (аудитордың аты-жөні, әкесінің аты).

Қаржы есептемесінің аудиті "Финансаудит" ЖШС аудиторлық фирмасымен жүргізіледі, Мертенс Елена Геннадьевна, мамандық куәлігі 1998 жылғы 16 қарашадағы № 0000438, аудиторлық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензиясы Серия МФЮ 2002 жылғы 14 мамырдағы № 0000223.

«Финансаудит» ЖШС Қазақстан аудиторларының Палаталр мүшесі болып табылады.

Тиісті қызметтерді жүзеге асыруға шарт жасасқан заң және қаржы мәселелері жөніндегі кеңес берушінің олардың тиісті алқалыларға (қауымдастықтарға, палаталарға) қажеттілігін көрсету арқылы ресми толық атауы

Эмитенттің қаржы кеңесшісі «Алматы Инвестмент Менеджмент» Акционерлік қоғамы болып табылады, кеңес беру қызметтері туралы шарт 03.08.2005 жылғы № 08/2005/ф. «Алматы Инвестмент Менеджмент» АҚ Қазақстанның қаржыгерлер қауымдастығының мүшесі болып табылады.

Аталмыш тұлғалармен шартты бұзу қарастырылған болса, қай тараптың бастамасымен жүзеге асырылған ақпараты көрсетілген шарттың бұзылу себебі туралы ақпара ұсыну қажет.

Аталмыш шарт бұзылған жоқ.

11. Эмитентпен корпоративтік басқару кодексін қабылдау туралы ақпараты.

Эмитенттің ұйымдастыру-құқықтық түрі Жауапкершілігі шектеулі серіктестік болғандықтан, корпоративтік басқару кодексі қабылданған жоқ.

2. Эмитентті басқару органдары

12. Эмитентті басқару органдарының құрылымы.

Жоғарғы орган	Қатысушылардың жалпы жиналысы
Атқарушы орган	Директор
Бақылау органы	Тексеру комиссиясы

Серіктестіктің басқару органдарының құзыры Серіктестіктің Жарғысымен және №220-І Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» заңымен анықталған.

Қатысушылардың жалпы жиналысы

Қатысушылардың жалпы жиналысын шақыру және өткізу тәртібі Серіктестіктің Жарғысымен және №220-І Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» заңымен анықталған.

Серіктестік Қатысушыларының жалпы жиналысының ерекше құзырына кіреді:

1. Серіктестік жарғысын өзгерту, Жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жерін және фирмалық атауы өзгерту немесе Серіктестік жарғысын жаңа редакцияда бекіту.
2. Серіктестіктің атқарушы органдарын құру және шақырту.
3. Серіктестіктің тексеру комиссиясын сайлау;
4. жылдық қаржы есептемесін бекіту және таза кірісті бөлу;
5. ішкі ережелерді, Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін процедураларды және басқа құжаттарды бекіту;
6. Серіктестіктің басқа шаруашылық серіктестіктерге, сонымен қатар коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешімі;
7. Серіктестікті қайта құру немесе тарату туралы шешімі.
8. тарату комиссиясын тағайындау және тарату балансын бекіту ;
9. қатысушыдан үлесін мәжбүрлі сатып алу туралы шешімі.
10. Серіктестіктің барлық мүліктерін кепілге салу туралы шешімі,
11. қосымша жарналарды енгізу туралы шешімі;

Қатысушылардың жалпы жиналысы Серіктестік қызметіне қатысты кез келген мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Аталмыш мәселелер бойынша шешімдер барлық қатысушылардың қатысуымен қабылданады, ал 1, 2, 7, 9 тармағында қарастырылған мәселелер серіктестік қатысушыларының жиналысына қатысушылардың және ұсынылғандардың төрттен үш мамандандырылған көпшілікпен, 10 тармақта қарастырылған мәселе бірауыздан қабылданады.

Директор

Серіктестік қызметінің ағымдық басқарылуын және оның істерінің жүргізілуін дара атқарушы орган – Директор жүзеге асырады. Директор Қатысушылардың жалпы жиналысымен тағайындалады және оған бағынады.

Директор, Қатысушылардың жалпы жиналысының ерекше құзырына қатысты мәселелерден басқа, Серіктестік қызметінің барлық мәселелерін шешеді.

1. Серіктестіктің штат кестесін бекітеді, еңбек ақы өзге табыс түрлерін, жүйесін және мөлшерін анықтайды;
2. жұмысшыларды жалдау және қызметінен босату тәртібін, жұмыс күн тәртібін, ауысым жұмыстарының тәртібін анықтайды, жыл сайынғы төленетін демалыстардың ұсынылу тәртібін және ұзақтылығын белгілейді;
3. Серіктестік атынан сенімхатсыз әрекет етеді, оның мүдделерін барлық отандық және шетелдік кәсіпорындарға, фирмаларға және ұйымдарға ұсынады, мүлік және қорлар қатысында билік жүргізеді, шарттар, келісім-шарттар, соның ішінде еңбек шарттарын жасайды, сенімхаттар береді, банктерде ағымдық, валюталық және басқа шоттар ашады, қорлар қатысында билік жүргізу құқығына ие болады, Серіктестік жұмысшылары үшін міндетті болып табылатын бұйрықтар және тапсырмалар береді;
4. жұмысшыларды көтермелеу және жазалар қолдану шараларын қабылдайды;

5. Серіктестік атынан наразылықтар мен шағымдар беру туралы шешімдерді қабылдайды;
6. Серіктестік қызметінің барысында іс жүргізуге және құжаттардың сақталуына жауап береді.

Серіктестіктің дара атқарушы органының қызмет ету және онымен шешімдер қабылдау тәртібі «Қарағанды Жарық» ЖШС жарғысымен және №220-І Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» заңымен анықталады.

Тексеру комиссиясы

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің дара атқарушы органының қаржылық-шаруашылық қызметтерін жүзеге асыру үшін серіктестік қатысушылары немесе олардың өкілдері арасынан тексеру комиссиясы құрылуы мүмкін.

Тексеру комиссиясы, егер одан көп мүшелері серіктестік жарғысымен қарастырылмаса, бес адамнан артық болмау керек.

Серіктестіктің тексеру комиссиясы жалпы жиналыспен бес жылдан артық емес мерзімге сайланады.

Перспектіге қол қойған мерзімде «Қарағанды Жарық» ЖШС тексеру комиссиясы құрылған жоқ.

13. Эмитенттің директорлар кеңесінің (қадағалау кеңесінің) мүшелері.

«Қарағанды Жарық» ЖШС жарғысымен қадағалау кеңесін құру қарастырылмаған.

14. Эмитенттің атқарушы органы - Директор

№	Аты-жөні және туылған жылы	Қазіргі уақытта атқаратын және соңғы 2 жылда атқарған қызметтері	"Қарағанды Жарық" ЖШС төленген жарғылық капиталындағы үлесі	Басқа ұйымдардың төленген жарғылық капиталындағы үлесі
1	Исекешев Ерлан Оортаевич, 1968 жылы туылған	2005ж. ақпан – қазірге дейін «Қарағанды Жарық» ЖШС директоры. 2002 ж. қыркүйек –2005 ж. қаңтар «Қарағанды Жылу» ЖШС коммерциялық директоры,	жоқ	жоқ

15. Эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқару ұйымына) берілген жағдайда:

Эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқару ұйымына) берілген жоқ.

16. Эмитенттің Директорлар кеңесінің мүшелеріне, атқарушы орган мүшелеріне және басқа басқарушы жұмысшыларына төленетін сыйақы.

Облигациялар шығарылымы туралы шешім қабылдау алдындағы соңғы үш айда Директорға төленген сыйақы сомасы 624 788,00 (алты жүз жиырма төрт мың жеті жүз сексен сегіз) теңге. Кезекті он екі ай ішінде Директорға төленетін болжамды сыйақының жалпы мөлшері 2 500 416 (екі миллион бес жүз мың төрт жүз он алты) теңге.


17. Эмитенттің ұйымдастыру құрылымы.

- 1) Эмитенттің құрылымдық бөлімшелері (№1 сұлбасы), филиалдары және өкілдіктері:
- 2) эмитенттің жалпы жұмысшылар саны: 1075 адам
- 3) эмитенттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер:

№	Құрылымдық бөлімше (бөлім) атауы (отдела), АЭС. Қызметінің, бөлімінің атауы	Лауазымы	Басшының аты-жөні	Туылған жылы
1	Әкімшілік	бас инженер	Божков Валерий Николаевич	1951
2	Әкімшілік	Бас инженердің орынбасары	Жусанбай Төлеубек Манапулы	1942
3	Дамыту басқармасы	Дамыту басқармасының бастығы	Ким Юрий Борисович	1947
4	Дамыту басқармасы	Дамыту басқармасы бастығының орынбасары	Мятченко Виталий Александрович	1983
5	Орталық электр желісінің ауданы (ОЭЖА)	бастығы	Журавлев Виталий Владимирович	1975
6	Теміртау электр желісінің ауданы (ТЭЖА)	бастығы	Зайцев Геннадий Михайлович	1954
7	Саран электр желісінің ауданы (СЭЖА)	бастығы	Ромазов Сергей Павлович	1968
8	Абай электр желісінің ауданы (АЭЖА)	бастығы	Конради Константин Александрович	1975
9	Каркаралы электр желісінің ауданы (КЭЖА)	бастығы	Кабилдин Совет Кабилдинович	1946
10	Бұхар-Жырау электр желісінің ауданы (БЖЭЖА)	бастығы	Ким Константин Васильевич	1959
11	Ленинск электр желісінің ауданы (ЛЭЖА)	бастығы	Попков Сергей Владимирович	1969
12	Октябрьск электр желісінің ауданы (ОЭЖА)	бастығы	Терре Николай Иосифович	1963
13	Оңтүстік Шығыс электр желісінің ауданы (ОШЭЖА)	бастығы	Загородний Леонид Григорьевич	1946
14	Шахты электр желісінің ауданы (ШЭЖА)	бастығы	Дарибеков Орикбай Рамазанович	1949
15	Қалалық қосымша станциялар қызметі (ҚСК)	бастығы	Давыдов Игорь Нариманович	1965
16	Электр-техникалық қызмет	бастығы	Смагулов Марат Каргулович	1962
17	Реттеуді қорғау қызметі (РКҚ)	бастығы	Шашкин Анатолий Петрович	1951
18	Артық кернеуден сынау және окшаулау қызметі (АСОҚ)	бастығы	Кушнеров Валерий Анатольевич	1960
19	Диспетчерлік және технологиялық басқару құралдарының қызметі (ДТБҚ)	бастығы	Асеев Сергей Владимирович	1958
20	Электр счетчиктерін техникалық тексеру және жөндеу цехы (ЭСТТЖ цехы)	бастығы	Кензикаев Владимир Шайкулович	1962
21	Ақпараттық технологиялар қызметі (АТҚ)	бастығы	Бочарников Николай Максимович	1948
22	Шарт бөлімі	бастығы	Утегенова Нургуль Акимбетовна	1971
23	Жоспарлы-экономикалық бөлім (ПЭО)	бастығы	Хамитжанова Гульнар Багадатовна	1962
24	Жоспарлау-қиястыру бөлімі (ЖҚБ)	бастығы	Скребнев Николай Трофимович	1940
25	Қосымша станциялар қызметі (ҚСК)	бастығы	Фильчев Олег Александрович	1956
26	Жоғары вольтты линиялар қызметі ЖЛҚ)	бастығы	Шишов Владимир Алексеевич	1950
27	Тарату желілер қызметі (ТЖҚ)	бастығы	Михалев Сергей Борисович	1971

28	Жоғары вольтты желілердің Оперативті-диспетчерлік қызметі (ЖЖОДҚ)	бастығы	Бочарников Алексей Николаевич	1971
29	Төмен вольтты желілердің Оперативті-диспетчерлік қызметі (ТЖОДҚ)	бастығы	Ульянов Валентин Григорьевич	1945
30	Электр энергияны есептеу құралдарының қызметі (ЭЭЕКҚ)	бастығы	Исекеев Сымбат Масгутович	1955
31	Электр энергияны жоспарлау және тарату бөлімі (ЭЭЖЖТБ)	бастығы	Бурмистрова Валентина Владимировна	1949
32	Күрделі жөндеу бөлімі (КЖБ)	бастығы	Набиев Жылкыайдар	1954
33	Бухгалтерия	бас бухгалтер	Негай Галина Михайловна	1953
34	Заң бөлімі	бастығы	Рожков Александр Юрьевич	1972
35	Еңбек ресурстар бөлімі (ЕРБ)	бастығы	Джусупова Зауре Аубакировна	1949
36	Сенімділік және техника қауіпсіздік қызметі (СЖТҚК)	бастығы	Наумов Валерий Алексеевич	1950
37	Жөндеу-құрылыс учаскісі (ЖҚУ)	бастығы	Шалин Евгений Анатольевич	1973
38	Әкімшіліктік-шаруашылық бөлімі (ӘШБ)	бастығы	Акашева Роза Кенесовна	1959
39	Материалды-техникалық қамтамасыз ету бөлімі (МТҚБ)	бастығы	Кенжебаев Канат Калымканович	1976
40	Кеңсе	Кеңсе бөлімінің менгерушісі	Падюкова Лариса Николаевна	1958
41	Автокөлік қызметі (АКҚ)	бастығы	Ромашов Павел Викторович	1951
42	Оқу-курстық орталығы (ОКО)	бастығы	Рахимов Орынбасар Тазабекович	1963
43	Жөндеу-пайдалану учаскісі (ЖПУ)	бастығы	Ажигалиев Михаил Хабибуллаевич	1948
44	Өндірістік-техникалық қызметі (ӨТҚ)	бастығы	Шалавин Владимир Лаврентьевич	1946
45	Үй желілерінің қызметі (ҮЖК)	бастығы	Бос орын	-

«Қарағанды Жарық» ЖШС ұйымдастыру құрылымы



Штат бойынша – 1075 адам
 Норматив бойынша – 1075 адам.

3. Эмитенттің акционерлері (қатысушылары) және аффинаждалған тұлғалары

18. Эмитенттің акционерлері (қатысушылары).

1) Эмитенттің акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы саны және эмитенттің он және одан артық акцияларына ие акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтер;

№ п/п	Қатысушының толық және қысқартылған атауы/аты-жөні	Қатысушының заңды/нақты мекен-жайы/тұрғылықты жері	Төленген жарғылық капиталындағы үлесі
1.	«KHC DISTRIBUTION CORP»	Ugland House, Church Street, P.O. Box 309, George Town, Grand Cayman Island, British West Indies.	99,99 %

2) эмитенттің акционерлері (қатысушылары) болып табылмайтын, бірақ басқа ұйымдар арқылы эмитент қызметін бақылау құқығына ие емес тұлғалары туралы мәліметтер:

Эмитенттің мұндай тұлғалары жоқ.

19. Эмитент он пайыз және одан артық акцияларға (үлестерге) ие заңды тұлғалар туралы мәліметтер:

Эмитент басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталында он және артық пайызына ие акциялары (үлестері) жоқ.

20. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпараттар.

«Қарағанды Жарық» ЖШС 1999 жылғы қаңтарда Қазақстандық электр энергетикалық қауымдастығының құрамына кіреді. Қауымдастық қызметінің мәні қауымдастық мүшелерінің қызметін үйлестіру, әділ қаржыландыру шарттарын құру, сонымен қатар Қазақстан Республикасының электр энергетикалық салаларындағы субъектілердің жалпы мүдделерін қорғау болып табылады.

Қауымдастық мүшелері болып табылады:

- Қазақстан Республикасында электр энергияны өндіру, тарату және бөлу лицензиясына ие ұйымдар;
- Қазақстан Республикасында біріктірілген күші бар бір немесе бірнеше ұйымдарды ұсынатын ұйымдар;
- ғылыми-зерттеу, жобалау институттары және Қазақстан Республикасының электр энергетикалық секторын құру мекемелері.

21. Эмитенттің басқа аффинаждалған тұлғалары туралы мәліметтер.

Атауы немесе аты-жөні	Тұрғылықты жері	Қызмет түрі	Аффинаждалған тұлғалар ретінде тану негіздемесі
Исекешева Капиза Кабдуллиновна 18.11.1942 ж	Қарағанды қ., Ленин к-сі 11-үй 16-пәтер	Зейнеткер	Е.О.Исекешевтың анасы
Исекешева Жаннат Тюлегеновна 22.09.1972 ж.	Қарағанды қ., Ленин к-сі 11-үй 16-пәтер	Жұмыс істемейді	Е.О.Исекешевтың жұбайы
Козлов Александр Иванович 07.04.1958г.	Қарағанды қ., Жамбыл к-сі, 1-үй, 19-пәтер	Директор	KHC DISTRIBUTION CORP

Козлова Мария Андреевна 29.07.1938г.	Қарағанды қ., Жамбыл к-сі, 1-үй, 19-пәтер	Зейнеткер	А.И. Козловтың анасы
Вабишевич Ирина Алексеевна 07.04.1958г.	Қарағанды қ., Жамбыл к-сі, 1-үй, 19-пәтер	Жұмыс істемейді	А.И. Козловтың жұбайы

22. Аффинажалған тұлғалардың қатысуымен жасалған мәмілелер.

Эмитент аффинажалған тұлғалардың қатысуымен операциялар жүргізген жоқ.

4. Эмитент қызметінің сипаттамасы

23. Эмитент қызметіндегі жалпы үрдістердің қысқаша сипаттамасы, соның ішінде эмитенттің негізгі қызмет түрлері.

1) Эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер:

«Қарағанды Жарық» ЖШС табиғи монополиялар субъектісі болып табылатындықтан, бәсекелес компаниялары жоқ.

2) эмитент қызметін Қазақстан Республикасының ішінде орташа салалық көрсеткіштермен және орташа әлемдік көрсеткіштермен салыстыру сипаттамасы:

«Қарағанды Жарық» ЖШС компаниясының көрсеткіштерін және жағдайын талдау үшін «Восточно-Казахстанская РЭК» АҚ салыстырмалы деректерін келтірдік:

Көрсеткіштер	өлш. бірлігі	«Восточно-Казахстанская РЭК» АҚ	«Қарағанды Жарық» ЖШС
ЭБЖ ұзақтығы	км.	18803	4819
Шартты бірліктердің көлемі	у.е.	99675	48655
2004ж. көрсетілген қызметтердің көлемі	млн. кВт сағ	1761,6	2898,3
% негізгі қорлардың тозуы	%	60	70,5
Жалпы персоналы саны	адам	1478	1044
Еңбек ақының орташа деңгейі	теңге	26960	26700
Кірістің қолданыстағы тарифі (2005 ж.)	теңге/кВт сағ	0,898	0,83

Екі облыс бойынша тариф мөлшеріне әсер ететін салыстырмалы деректерді қарастырып, «Восточно-Казахстанской РЭК» АҚ және «Қарағанды Жарық» ЖШС оң және теріс қызметтері туралы қортынды жасауға болады.

- «Восточно-Казахстанской РЭК» АҚ бойынша ЭБЖ ұзақтылығы 13 984 километр артық, «Восточно-Казахстанской РЭК» АҚ жалпы жұмысшылар саны 434 адамға артық, «Восточно-Казахстанской РЭК» АҚ еңбек ақының орташа деңгейі 260 теңгеге көп.
- «Қарағанды Жарық» ЖШС көрсетілген қызметтерінің көлемі 1 137 млн. кВт сағ артық, «Қарағанды Жарық» ЖШС негізгі қорларының тозу пайызы 11% артық.
- «Қарағанды Жарық» ЖШС электр беріліс бойынша тарифтердің айырмашылығы онша көп емес, персонал саны және көрсетілетін қызметтер көлемі «Восточно-Казахстанской РЭК» Ақ қарағанда біршама жоғары (1 137 млн. кВт сағ), яғни ол компания бойынша оң нәтиже болып табылады.

3) саланы болашақ дамыту және осы саладағы эмитенттің жағдайы қатысындағы болжам.

Қазақстан Республикасының электр энергетика құрылымы үш негізгі сегментке ие:

- электр энергетиканың маңызды көлемінің өндірілуін қамтамасыз ететін ұлттық деңгейлі ірі электр станциялар: Қарағанды ГРЭС -2, Иртыш каскад ГЭС, Бухтармин ГЭС, Екібастұз ГРЭС-1 және ГРЭС-2, Ақсу ГРЭС, Өскемен ГЭС және Шульбинск ГЭС;
- электр энергияның берілуі және диспетчерлеу және қуатты реттеу қызметтерін қамтамасыз ететін ұлттық электр желісі, сонымен қатар ТМД шектес елдерінің энергиялық жүйелерімен электр энергияның келісілген мемлекет аралық ағындар;
- электр және жылу энергиясының өндірілуін қамтамасыз ететін аймақтық энергиялық компаниялар, сонымен қатар энергияны тарату: аймақтық электр станциялар, таратқыш электр желілік компаниялар (РЭК) және елді мекендердің жылумен қамтамасыз ету жүйелері.

Экономиканың және республика халқының тіршілік әрекетін қамтамасыз ету ретіндегі электр энергетиканың ерекше рөліне байланысты, 2004 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметімен электр энергетика саласында бірқатар маңызды рыноктық түрленулер жүзеге асырылды. 2004 жылғы ақпанда Электр энергетикада рыноктық қатынастарды жетілдіру тұжырымдамасы қабылданды. Оның негізінде «Электр энергетика туралы» заңы әзірленіп, 2004 жылғы шілде айында қабылданды. Жаңа заң нормалары ретінде рыноктың негізгі сегменті – электр энергияны сатып алу-сату екі тараптық орталықсыздандырылған мәміле электр энергияның орталықтандырылған сауда рыногымен, нақты уақыт режиміндегі теңгеруші рынокпен және жүйелік және қосымша қызметтер рыногымен толықтырылатын электр энергияны көтермелеп сату рыногының құрылымын дамыту қарастырылған. Жаңа Заң нормаларын іске асыру рыноктық механизмдер негізінде Қазақстанның ЕЭС жұмысының режимдерін, энергиялық жүйе жұмысының сенімділігін арттыратын нақты уақыт режиміндегі өндіру және тұтыну балансын жоспарлауды маңызды жақсартуға мүмкіндік береді.

Энергетикалық сала халық шаруашылығының басқа салаларының дамуымен тығыз байланыста дамуы тиіс. Келісілген шешімдерді қабылдаудың тиімді түрі энергетиканың аймақтық (облыстық) дамыту жоспары болуы мүмкін. Бұған дәлел – бірқатар ұйымдардың қатысуымен «КазНИПИэнергопром» ЖАҚ әзірленген «2010 жылға дейін перспективамен 2015 жылға дейін ҚР бірыңғай электр энергетикалық жүйесін дамыту бағдарламасы». Бұл бағдарламаға сәйкес электрмен қамтамасыз етуді қалпына келтіру және дамыту тұтынушыларды электрмен қамтамасыз етуді оңтайлау облыстық сұлбасының әзірленуін болжауы тиіс. Қазіргі уақытта Қарағанды аймағы бойынша өндіріс көлемінің және жаңа нысандар құрылысының артуына байланысты электр желілерінің ең жоғары жүктемесіне қол жетті. Бұл өз кезегінде, «Қаланың, ауданның және облыстың электр желілерін дамыту жоспарын» әзірлеуді талап етеді.

Электр желілерін қайта салу, техникалық қайта жабдықтау және дамыту үшін «Қарағанды Жарық» ЖШС электр қуатын және энергияны коммерциялық есептеу бойынша жергілікті автоматтандырылған жүйесі (ЭҚКЕАЖ) және ВЛ-110-кВ Сантехникалық – Сорғылы 1,2,3 жаңа линиясын салу сияқты үлкен жобаларды қамтитын 2005-2009 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламаны әзірледі және АРЕМ бірге келісті. Осы бағдарламаны іске асыру Қарағанды аймағындағы электр энергияны тұтынушыларын электрмен қамтамасыз ету сенімділігін арттыруға, өнеркәсіптік дамыту жағдайларын құруға, сонымен қатар электр энергияның коммерциялық шығындарын техникалық шығын нормативтеріне дейін төмендетуге жеткізеді.

24. Эмитент қызметіне маңызды әсер ететін эмитентпен жасалған келісім-шарттар, келісімдер туралы мәліметтер.

1) 2005 жылғы 5 тамызда Эмитент және «ABS» ЖШС арасында электр энергияны коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесін жеткізу туралы № 46/2005 шарты 783 822 мың теңге көлемінде жасалды.

2) 2004 жылғы 1 шілдеде «Қарағанды Жарық» ЖШС және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ арасында № 290-к кредиттік шарт жасалды. Шарт құны 676 миллион теңені құрады, жылдық пайыздық ставкасы 13% .

25. Құжат мерзімі және нөмірі, әрекет ету мерзімі және осы құжатты берген орган көрсетілген эмитентпен оның қызметін жүзеге асыру үшін алынған лицензиялар, патенттер, рұқсаттар туралы мәліметтер.

"Қарағанды Жарық" ЖШС келесі лицензияларға ие:

1. Тіркелген тізімге сәйкес ҚР аумағында сәулет, қала салу және құрылыс қызметтері саласындағы жұмыстарды орындауға құқық беретін мемлекеттік лицензия, Серия 11, ГСЛ № 012231, Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитетпен 07.07.2003 ж. берілген.

2. Өлшеу құралдарын тексеру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия (бас) №0018325, Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетімен 29.01.2004 ж. берілген.

3. Прекурсорларды сатып алумен, сақтаумен, қолданумен байланысты қызметтермен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия № 000540, ҚР ПМ есірткі бизнесімен күресу және есірткі айналымын бақылау жөніндегі комитетімен 28.07.2004 ж. берілген. Лицензияның жарамды мерзімі бес жыл.

4. Келесі қызмет түрлерімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: электр энергияны тарату және бөлу, электр желілерін, қосымша станцияларды пайдалану (бас) №002217, Қазақстан Республикасы Энергетика және минералды ресурстар министрлігімен 30.12.2003ж. берілген.

5. Лицензиялауға сәйкес өлшеу құралдарын жөндеумен айналысуға мемлекеттік лицензия (бас) Серия МА № 0001262, Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетімен 20.05.2003ж. берілген

26. Физикалық немесе сандық өлшем бірлігімен қабылданған соңғы екі жылда және нақты қызмет ету мерзімінде сатылған өнімдердің (орындалған жұмыстардың, қызметтердің) көлемдері.

Қызмет түрі	Өлшем бірлігі	2003ж. 10 ай	2004 г.	01.09.2005ж. жағдай б/ша
«Қарағанды Жарық» ЖШС желілері бойынша электр энергияны беру және тарату	Мың кВт сағ	2 180 921	2 898 253	1 994 394

Соңғы екі жылда және нақты қызмет ету мерзімінде сатылған өнімдердің (орындалған жұмыстардың, қызметтердің) көлемдеріндегі өзгерістерді талдау.

«Қарағанды Жарық» ЖШС қаржылық-шаруашылық қызметі 2003 жылғы 1 наурызда басталуына байланысты 2003 және 2004 жылдар бойынша салыстырмалы жылдық талдау мүмкін емес.

«Қарағанды Жарық» ЖШС желілері арқылы берілген электр энергия өлшемдерін 2004 жылғы 1 жарты жылдық және 2005 жыл бойынша салыстырмалы талдау.

2004 жылғы 1 жарты жылдық, мың кВт сағ	1 394 309
2005 жылғы 1 жарты жылдық, мың кВт сағ	1 537 124
Өсім, мың кВт сағ	142 546
Өсім, %	9,3

2005 жылғы 1 жарты жылдық бойынша берілген электр энергияның өсу себептері:

- «Қарағанды Жылу» ЖШС көлемі «МитталСтилТемиртау» АҚ көлемдерін «КарЭнергоТрейдинг» ЖШС берумен байланысты және халықтың тұтыну қуатының артуына байланысты.
- «Темиржолэнерго» ЖШС бойынша жүк ағынының көбеюі
- «ВостокКазмедь» АҚ құрамына кірген жаңа ірі тұтынушы есебінен өндіріс көлемінің ұлғаюы.

27. Эмитенттің негізгі қызметтері бойынша сату (жұмыс, қызмет) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар.

«Қарағанды Жарық» негізгі қызмет – электр энергияны тасымалдау табиғи монополияға қатысты болғандықтан, сату кірістілігіне оң және теріс әсер ететін негізгі фактор тариф болып табылады. ҚР Қарағанды облысы бойынша табиғи монополияны реттеу жөніндегі агенттігінің басқармасымен келісілген 2005- 2009 жылдарға арналған орташа мерзімді бағдарламаға сәйкес тарифтер келесі өлшемдерде есептелген:

жылдар	1 кВт сағ есептегендегі тариф (теңге)
2005	0,94
2006	1,04
2007	1,09
2008	1,06
2009	1,03

28. Эмитенттің өз өнімдерін (жұмыстарын, қызметін) сатуды ұйымдастыру бойынша қызметі.

- 1) *Жалпы жеткізу көлемінің он және одан артық пайызына ие эмитент жеткізушілерінің атауы және орналасқан жері, олардың үлесін айызбен көрсету. Осы деректердің болашақта мүмкіндігі қатысында болжамдар ұсынылуы тиіс;*

Жеткізушінің атауы	Тұтынылатын өнім (жұмыс, қызмет)	Орналасқан жері	Пайдаланылатын өнімнің жалпы көлеміндегі үлес, пайызбен
«ABS» ЖШС	электр энергияны коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесінің жабдықтарын орнату және дәлдеу	Қазақстан Республикасы, Алматы, Абылай Хан д-лы 141-үй	29%

Осы деректердің болашақта мүмкіндігі қатысында болжамдар:

Эмитент болашақта аталмыш жеткізушілермен жеткізілетін өнімнің жалпы көлеміндегі осы үлестермен жұмысты жалғастыруды жоспарлауда.

- 2) *Эмитент өнімдерін (жұмыстарын, қызметтерін) сатудан түскен жалпы түсімнің он және одан артық пайызына ие эмитент тұтынушыларының атауы және орналасқан жері, жалпы сату көлеміндегі олардың үлесін пайызбен көрсету. Эмитент өнімдерін (жұмыстарын, қызметтерін) сатуға әсер ететін мүмкін теріс факторлар:*

Тұтынушының атауы	Пайдаланылатын өнім, жұмыс, қызмет)	Орналасқан жері	Пайдаланылатын өнімнің жалпы көлеміндегі үлес, пайызбен
"Қарағанды Жылу" ЖШС	«Қарағанды Жарық» ЖШС желілері бойынша электр энергияның берілуі және таратылуы	Қарағанды қ., Бұқар-Жырау д-лы, 22-үй	48,90%
"Миттал Стил Темиртау" АҚ	Передача и распределение электрической энергии по сетям ТОО «Қарағанды Жарық»	Темиртау қ., Республик алаңы, 1	20,15%

Эмитент өнімдерін (жұмыстарын, қызметтерін) сатуға әсер ететін мүмкін теріс факторлар

«Қарағанды Жарық» негізгі қызмет – электр энергияны тасымалдау табиғи монополияға қатысты болғандықтан, көрсетілетін қызметтердің сатылуына теріс әсер ететін факторлар жоқ.

29. Эмитент қызметіне әсер ететін маңызды факторлар:

1) мезгілдік сипатқа ие қызмет түрлері, акционерлік қоғамның жалпы кірісіндегі олардың үлесі;

«Қарағанды Жарық» ЖШС негізгі қызметі мезгілдік сипатқа ие.

2) Эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттағы (қызметтегі, жұмыстағы) импорт үлесі және сатылатын өнімнің жалпы көлеміндегі эмитентпен экспортқа сатылатын өнім (жұмыс, қызмет) үлесі;

«Қарағанды Жарық» ЖШС табиғи монополия субъектісі болғандықтан, тауарлы-материалдық құндылықтарды, жұмыстарды және қызметтерді экспорттау және импорттау бойынша операцияларды жүзеге асырмайды.

3) Егер бұл мәмілелердің құны эмитент активтерінің баланстық құнының он пайызынан артық болса, облигациялар шығарылымы туралы шешім қабылданған мерзімнен бастап жасалуы (жасалулары) немесе орындалуы (орындалулары) тиіс мәміле (мәмілелер) туралы мәліметтер;

2005 жылғы 5 тамызда Эмитент және «ABS» ЖШС арасында электр энергияны коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесін жеткізу туралы № 46/2005 шарты 783 822 мың теңге көлемінде жасалды, ол активтердің балансытқ құнының 116 пайызын құрайды.

4) эмитент қызметіне әсер ететін болжамды міндеттемелер және теріс әсерлері;

2006 жылғы 28 ақпанда Эмитент «Қазақстан Халық банкі» АҚ алдында 79 328 мың теңге кредитті өтуі тиіс. 2006 жылғы қарыз қалдығы бойынша сыйақы 301 мың теңге мерзімінен бұрын өтелген.

Кредиттерді өтеу Эмитенттің ақша қорларының азаюына әсер етеді.

Үшінші тұлғалардың кепілдіктерімен қамтамасыз етілген өзге эмитенттердің облигациялары бойынша эмитенттің кепілдіктері, осы эмитент, облигациялар саны, кепілдік шарттары, өтеу мерзімі және кепілді шығарылым валютасы туралы ақпараттар:

Эмитент мұндай кепілдіктерге ие емес.

5) эмитенттің сот процестеріне қатысу туралы мәліметтері;

Қазіргі уақытта Қарағанды қаласының Экономикалық сотында «Миттал Стил Темиртау» АҚ «Қарағанды Жарық» ЖШС электр энергияны беру шартын бөлу туралы талап арызы бойынша азаматтық іс қаралуда.

6) Соңғы жылдар бойынша эмитентке және оның лауазымды тұлғаларына уәкілетті мемлекеттік органдармен және (немесе) сотпен салынған барлық әкімшіліктік салықтар туралы мәліметтер.

20.04.2005ж. Қарағанды қаласының Салық комитеті ҚР әкімшіліктік құқық бұзу туралы кодексінің (ҚР ӘҚТК) 206 бабы 1 б. бойынша «Қарағанды Жарық» ЖШС Заңды тұлға қатысында әкімшіліктік құқық бұзу туралы №000620 хаттама әзірледі.

Қарағанды қаласының Салық комитетінің 20.04.2005ж. № 000620 қаулысымен «Қарағанды Жарық» ЖШС ҚР ӘҚТК 206 бабы 1 б. Негізінде 58 260 теңге айыппұл түрінде әкімшіліктік жаза қолданылды.

27.04.2005ж. «Қарағанды Жарық» ЖШС Қарағанды қаласының Салық комитетінің 20.04.2005ж. № 000620 қаулысы қатысында Қарағанды облысының Арнайы аудан аралық әкімшілік сотына шағым берді.

13.05.2005 жылғы № 2-43/05 анықтамасымен сот анықтады: «Қарағанды Жарық» ЖШС Қарағанды қаласының Салық комитетінің 20.04.2005ж. № 000620 қаулысы қатысында шағымды ауызша ескерту арқылы ішінара қанағаттандыру. 58 260 теңге төленген соманы қайтару туралы мәселе жалпы сот өндірісінің тәртібімен қарау.

Айыппұл сомасы «Қарағанды Жарық» ЖШС қайтарылды.

7) тәуекел факторлары. Облигация ұстаушылары ұшырайтын тәуекел факторларын толық талдау:

Облигация бағасына әсер ететін тәуекелдер: эмитент мүлігінің шығындарымен байланысты, сонымен қатар негізгі және айналымдағы қорлардың жойылуымен немесе құртылуымен байланысты факторлардың әсер ету салдарынан өндірістің тоқтауынан болатын зияндар;

Құнсыздану тәуекелі: елдегі құнсыздану деңгейінің өсуімен байланысты, бұдан алынатын ақша қорлары нақты сатып алу қабілетінің өсуіне қарағанда жылдам құнсызданады;

Девальвациялық тәуекел: валюталық бағамның өзгеруіне байланысты эмитент үшін тәуекелді білдіреді. Ол ұқсас валютамен есептелетін төлемдердің және түсімдердің теңгерілмеуіне әкеліп соқтырады.

Пайыздық тәуекел: банктік заемдар немесе депозиттер бойынша пайыздық ставкалардың теріс өзгеруімен негізделген шығын тәуекелі;

Саяси тәуекел: эмитент және кәсіпорындар – жеткізушілер мен тұтынушылар қызметтерінің нәтижесіне теріс әсер ететін саяси жағдайдың өзгеруімен негізделеді;

Заң тәуекелі: эмитенттің қаржылық-шаруашылық қызметтеріне тура немесе жанама әсер ететін салықтық, кедендік және заңнама актілерінің өзгеру мүмкіндігімен негізделеді;

Әлеуметтік тәуекел: кадрлардың біліктілік деңгейінің төмендігімен, мамандандырылмаған кадрларды таңдаумен, персоналдың психологиялық мінездерінің сәтсіз үйлесуімен байланысты.

8) эмитент қызметі, эмитент қызмет атқаратын рыноктар туралы басқа да ақпараттар.

Эмитент өзінің қызметін Қазақстан Республикасының рыногында жүзеге асырады.

5. Қаржы жағдайы

30. Баланстық құны материалдық емес активтердің жалпы баланстық құнының бес және одан артық пайызын құрайтын материалдық емес активтердің түрлері (мың теңгемен)

материалдық емес активтердің түрлері	Баланстық құны (мың теңгемен)	материалдық емес активтердің жалпы баланстық құнының пайызы
Электр энергияны беру және тарату лицензиясы N002217	2 591	50%
Альфа ЦЕНТР SE-1 бағдарламалық қамсыздандыру	1 363	27%
Альфа ЦЕНТР АС_РЕ-50/2ко бағдарламалық қамсыздандыру	385	8%

31. Баланстық құны негізгі қорлардың жалпы баланстық құнының бес және одан артық пайызын құрайтын негізгі қорлардың түрлері.

Эмитенттің баланстық құны негізгі қорлардың жалпы баланстық құнының бес және одан артық пайызын құрайтын негізгі қорлары – жоқ.

32. Инвестициялар

Эмитент инвестицияларды жүзеге асырған жоқ.

33. Дебиторлық берешек.

Эмитенттің дебиторлық берешек құрылымы, эмитент алдында дебиторлық берешектің жалпы сомасының бес және одан артық пайызында дебиторлық берешегі бар ұйымдар

Ұйым атауы	Заңды мекен-жайы	Берешек сомасы (мың теңгемен)	жалпы берешек сомасындағы үлесі	Өтеу мерзімі
«Қарағанды Жылу» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, Бұқар жырау д-лы, дом 22	186 120	52%	2005 ж 4 тоқсан.
«Энергоуголь» өндірістік кооператив	Қазақстан Республикасы, Сарань қаласы, Победа к-сі, 28 а -үй	31 404	9%	01.01.2006
«Миттал Стил Темиртау» АҚ	Қазақстан Республикасы, Теміртау қаласы, Республика алаңы, 1.	33 802	9%	15.09.2005
«Алаш – НТ» Химиялық-Металлургиялық зауыты ЖШС	Қазақстан Республикасы, Теміртау қаласы, Привокзальная к-сі, 2.	30367	8%	16.09.2005

34. Жарғылық капитал және меншік капиталы

Серіктестіктің төленген жарғылық капиталы 3 203 082 300,0 (үш миллиард екі жүз үш миллион сексен екі мың үш жүз) теңгені құрайды.

Эмитенттің меншік капиталы 4 104 208 806,0 теңгені құрайды.

35. Займдар.

Валюталары, сыйақы ставкалары, қамтамасыз ету түрлері көрсетілген қолданыстағы банк заемдары және кредиттік линиялар туралы ақпараттар. Жақын арадағы он екі ай ішінде өтеу сомалары тоқсанға бөлінуі тиіс, қалған сомалар жылдарға бөлінеді.

Кредиттік шарт	Кредитор	Валюта	Сума (мың теңгемен)	Пайыздық ставка	Өтеу мерзімі
01.07.04ж. №290-к	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	теңге	269 536	13%	28.02.2006
2005ж. 3 тоқсан.			40 807		
2005ж. 4 тоқсан.			149 401		
2006ж. 1 тоқсан.			79 328		
02.06.2004ж. №15 2005ж. 3 тоқсан.	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	теңге	23 000	13%	09.09.2005

Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету талап ету құқығының кепілі болып табылады.

36. Эмитентпен негізгі қызметті жүзеге асырумен байланысты кредиторлық берешек (жеткізушілер алдындағы берешек, алынған аванстар).

Атауы	Занды мекен-жайы	Берешек сомасы (мың теңгемен)	Жалпы берешек көлеміндегі үлес	Өтеу мерзімі
«Редер» ЖШС	Қазақстан Республикасы Қарағанды қаласы, Ерубаев к-сі, 24	201 555	51%	01.10.2005
«Қараганда Энерго Трейдинг» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, Сәтбаев, 17	101 156	26%	01.01.2006
«Техром А» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, Сәтбаев, 17	33 638	9%	01.10.2005

6. Бағалы қағаздар шығарылымы туралы мәліметтер

37. Облигациялар шығарылымы туралы шешімді қабылдау мерзіміне дейін эмитенттің барлық тіркелген эмиссионды бағалы қағаздар шығарылымы қатысында:

1) облигациялардың әрбір шығарылымының жалпы саны, түрі, номиналды құны, сонымен қатар орнықтыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі (номиналды құны бойынша), негізгі берешек сомасы, әрбір шығарылым бойынша сыйақының есептелген және төленген сомасы, сатып алынған және мерзімінен бұрын өтелген облигациялар саны, өтеу мерзімін көрсету. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеген орган, мемлекеттік тіркелген нөмірі және осындай шығарылымның мемлекеттік тіркелген мерзімі;

Эмитент облигациялар шығарған жоқ.

2) құрылтайшылармен төленген акциялардың жалпы мөлшері, түрі және номиналды құну, сонымен қатар акцияларды орнықтыру барысында тартылған жалпы ақша сомасы. Айналымдағы, сатып алынған акциялардың мөлшері, соңғы мерзімде сатып алу бағасын көрсету. Акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеген орган, мемлекеттік тіркелген нөмірі және осындай шығарылымның мемлекеттік тіркелген мерзімі;

Эмитент акциялар шығарған жоқ.

3) эмитентпен өзінің міндеттемелерін бағалы қағаздарды ұстаушылар алдында орындамау (облигация бойынша сыйақыларды артықшылық акциялар бойынша дивидендтер төлемеу (төлем уақытын кешіктіру) дәлелдемелері туралы мәліметтер, орындалмаған міндеттемелердің көлемі және осындай міндеттемелерді кешіктіру мерзімі, бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды есептелген, бірақ төлемеген сома (түрі және шығарылым бойынша жеке) туралы ақпараттар);

Эмитентпен өзінің міндеттемелерін бағалы қағаздарды ұстаушылар алдында орындамау дәлелдемелері жоқ.

4) егер қандай да бір бағалы қағаздар шығарылымы тоқтатылса немесе шығарылды деп саналмаса немесе жойылса, осындай шешімді қабылдаған орган және осы шешімді қабылдау негіздемесі және мерзімі көрсетіледі;

Эмитент тоқтатылған немесе шығарылмаған деп қабылдаған немесе жойылған бағалы қағаздар шығарылымына ие емес.

5) облигациялар бойынша өтеу мерзімі және жалпы көлемі;

Эмитент облигациялар шығарылымын жүргізген жоқ.

6) соңғы екі қаржы жылында әрбір жыл немесе нақты әрекет ету мерзімі үшін бір акцияға (жәй, артықшылық) есептелген дивиденд мөлшері, есептелген дивиденд сомасы және төленген дивиденд сомасы көрсетіледі.;

Дивидендтер есептелген және төленген жоқ.

7) эмитенттің бағалы қағаздарының сатылуы жүргізілетін негізгі рыноктар, сатуды ұйымдастыратын ұйымдастырушылардың атауы;

Эмитент бағалы қағаздар шығарылымын жүргізген жоқ.

8) эмитентпен бұрын шығарылған әрбір бағалы қағаздардың түріне ие ұстаушыларға берілетін құқықтар.

Эмитент бағалы қағаздар шығарылымын жүргізген жоқ.

7. Қосымша ақпарат

38. Облигация айналымындағы шектеулер.

Облигация айналымындағы шектеулер қарастырылмаған.

39. Облигация шығарылымына кеткен шығын сомасы және осы шығындар қалай өтелетіндігі туралы мәліметтер.

Облигация шығарылымына кеткен шығын сомасы құрайды: қаржы кеңесшісінің қызметтері ҚҚС қоса есептегенде 1 900 000,00 (бір миллион тоғыз жүз мың) теңге. Шығындар эмитенттің айналым қорлары есебінен төленеді.

40. Инвесторлар эмитент жарғысының және облигациялар бағдарламасы проспектісінің көшірмелерімен таныса алатын орындары туралы ақпарат.

Инвесторлар серіктестік Жарғысының көшірмесімен және облигациялар бағдарламасы Проспектісімен, сондай-ақ басқа ақпаратпен келесі мекен-жай бойынша таныса алады: Қазақстан Республикасы, 470061, Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 115 үй.

телефон (8-3212) 56-27-27, 56-07-84

электронды пошта: zharyk@nursat.kz

Директор

Исекешев Е.О.

Бас бухгалтер

Негай Г.М.

Тексеру комиссиясы

қарастырылмаған